



Әкімшілік құқық. Қаржы құқығы / Administrative law. Financial law /
Административное право. Финансовое право

ХҒТАР 10.21.01

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-154-1-51-67>

Ғылыми мақала

Цифрлық активтердің түрлері мен классификациялануы:
құқықтық аспект

Жаксылықбаева Ә.А.^{*1}, Сулейменова С.Ж.², Алдабергенова Н.А.³

^{1,3}«Туран» Университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹zhaksylykbayeva@gmail.com, ²saule.suleimenova@gmail.com, ³n.aldabergenova@turand-edu.kz)

Аңдатпа. Цифрлық экономика құндылықты құру, сақтау және беру тәсілін өзгертті. Нәтижесінде әрқайсысының бірегей сипаттамалары мен функционалдығы бар цифрлық активтердің әртүрлі түрлері пайда болды. Бұл мақалада криптовалюталар мен стабилкоиндерден бастап, өзгермейтін таңбалауыштарға (NFT) және орталық банктің цифрлық валюталарына (CBDC) дейінгі цифрлық активтердің әртүрлі түрлері зерттеліп, олардың технологиялық негіздері, экономикалық рөлдері және құқықтық айырмашылықтары көрсетілген. Цифрлық активтердің әртүрлі санаттарын түсіну арқылы біз олардың қазіргі цифрлық дәуірдегі мүмкіндіктері мен қиындықтарын бағалай аламыз.

Бұл мақала соңғы жылдары пайда болған санаттарды терең талдай отырып, цифрлық активтерді жіктеуді ғылыми (технологиялық және құрылымдық) және құқықтық (меншік және реттеу) тұрғысынан қарастыруға бағытталған. Ол сондай-ақ, Қазақстандық, Еуропалық Одақ (ЕО) және Америка Құрама Штаттары (АҚШ) сияқты юрисдикциялардағы әртүрлі құқықтық құрылымдардың құндылық алмасудың осы жаңа нысандарын басқару үшін қалай дамып жатқанын зерттейді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы-олардың технологиялық және құқықтық сипаттамаларына негізделген цифрлық активтердің авторлық классификациясын жасауда. Жұмыстың практикалық маңыздылығы заңнаманы, құқық қолдану практикасын жетілдіру және цифрлық активтер саласындағы реттеуші тәсілдерді әзірлеу кезінде алынған нәтижелерді пайдалану мүмкіндігінен тұрады.

Түйін сөздер: Кriptoактив, цифрлық валюта, стейблкоин, утилити токен, секьюрити токен, цифрлық актив, өзгермейтін таңбалауыштар

Кіріспе

Цифрлық активтер жеке тұлғаға немесе ұйымға тиесілі цифрлық форматтағы кез келген құн объектісіне жатады. Олардың жіктелуі және онымен байланысты құқықтық негіздер, әсіресе цифрлық экономика кеңейген сайын қарқынды дамып келеді. Цифрлық активтердің құқықтық аспектілерін түсіну меншік, беру, пайдалану, иемдену, реттеу және қорғау сияқты мәселелерді шешу үшін маңызды.

Цифрлық активтердің көбеюі олардың құқықтық табиғаты, жіктелуі және реттелуі туралы негізгі сұрақтарды тудырды. Цифрлық активтерді жалпы түрде цифрлық түрде бар құнның немесе меншіктің көрінісі ретінде анықтауға болады. Бұл активтер функциялары, басқаруы және технологиялары бойынша әр түрлі болады, бұл реттеушілерді, экономистерді және заңгер ғалымдарды оларды реттеу мен жіктеу үшін тиісті негіздерді іздеуге итермелейді.

Материалдар мен әдістер

Құқықтық ғылыми мақалаларды, заңнамалық актілерді және құқықтық құжаттарды, жаңалықтарды қарау және талдау кезінде жеке арнайы-құқықтық әдістер қолданылды: салыстырмалы-құқықтық, құқықтық модельдеу, құқықтық болжау.

Салыстырмалы құқықтық талдау кезінде АҚШ, ЕО және Қазақстандық реттеу модельдері негізге алынды. Атап өтсек, MiCa regulation[1] (Криптоактивтер нарығын реттеу туралы Регламент), АҚШ-тың Тауар фьючерстерінің сауда (CFTC) және Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі Комиссияларының (SEC) мәлімдемелері және т.б.

Нәтижелер мен талқылау

Цифрлық активтердің түрлерін анықтау маңызды қадам, себебі көп қолданушылар олардың түрлерін дұрыс ажырата алмайды. Ол әр түрлі шатасуларды тудыруы мүмкін. Әрине, олардың түрлерге жіктелуі сол түрлердің ерекшеліктері мен белгілеріне тікелей байланысты.

«Цифрлық активтер» туралы Заңға сәйкес, цифрлық активтердің түрлері қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген болып жіктеледі (1- баптың 1), 3) тармақшалары). Заңда көрсетілген түсініктерге сәйкес, цифрлық активтердің бұл түрлеріне келесідей анықтамалар берілген [2]:

1) қамтамасыз етілген цифрлық актив – қамтамасыз етілген цифрлық активке қойылатын талаптарға сәйкес келетін, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформа арқылы тіркелген цифрлық актив;

2) қамтамасыз етілмеген цифрлық актив – қамтамасыз етілген цифрлық активке қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін цифрлық актив.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 5 шілдедегі № 115-VIII Заңының күшіне енбес бұрын бұл анықтамалар келесідей болды:

«қамтамасыз етілген цифрлық актив - ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда, материалдық, зияткерлік көрсетілетін қызметтер мен активтерге құқықтарды куәлан-

дыратын, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформа арқылы тіркелген цифрлық актив»;

«қамтамасыз етілмеген цифрлық актив – ақпараттық жүйеде блокчейндегі консенсусты қолдауға қатысқаны үшін сыйақы түрінде алынған және ешкімнің де цифрлық активтер биржасында цифрлық нысанда сауда жасауға болатын ақшалай міндеттемелерін білдірмейтін цифрлық актив».

Біз өз кезегімізде, жоғарыда аталған анықтамалардың мағынасы оңайлатылып тас-талғанын атап өткіміз келеді.

Сондай-ақ, айта кететін жайт қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айналымы ҚР территориясында рұқсат етілмеген, оның айналымы қатаң түрде тек Астана Халықаралық Қаржы Орталығы (АХҚО) аясында жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар, алдағы уақытта Цифрлық активтер туралы Заңға цифрлық активтердің түрлеріне қатысты өзгерістер енгізілмек. Өзгерістер мен толықтырулар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 259-VIII Заңымен енгізіледі. Мәселен, толықтырулар күшіне енген кезде, цифрлық активтер екі түрге:

цифрлық қаржы активі;

қамтамасыз етілмеген цифрлық актив деп жіктелетін болады.

Ал, цифрлық қаржы активтерінің түрлері келесідей болып жіктеледі:

1) базалық активі ақша болатын цифрлық қаржы активтері (стейблкоин);

2) ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, басқа да цифрлық қаржы активі), қаржы активі, мүліктік құқықтар (талаптар), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болатын цифрлық қаржы активтері;

3) цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары.

Біздің стейблкоинді цифрлық қаржы активіне жатқызуға қатысты сыни көзқарасымыз бар. Бірақ, мемлекет тарапынан толықтай қолдауы бар және ашық айналымда болатын стейблкоиндардың кейбір түрлерін жатқызуға әбден болады.

Дегенмен, толықтырулар бөлек зерттеуді талапететіні анық. Осы жұмыс шеңберінде біз қазіргі қолданыстағы Заңнама бойынша цифрлық активтердің классификациялануына мән береміз. Бірінші кезекте, цифрлық активтердің қамтамасыз етілген түрлерінің бұрынғы анықтамасын сараласақ. Заңда бұрын берілген анықтамаға сәйкес, цифрлық активтердің бұл түрі міндетті түрде материалдық, зияткерлік қызметтер және активтермен куәландырылып қамтамасыз етілуі тиіс болды. Осы қамтамасыз етілген цифрлық активтерге қатысты «Қазақстан Республикасының аумағында танылатын қамтамасыз етілген цифрлық активтер түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 124/НҚ бұйрығы бар. Бұйрыққа сәйкес:

1. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформада шығарылатын, қамтамасыз етілген цифрлық активтің жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) негізделген материалдық, зияткерлік қызметтер мен активтерге куәландырылған құқығы бар, қамтамасыз етілген цифрлық актив [3].

2. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформада шығарылатын, қамтамасыз етілген цифрлық активтің өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер туындыларына, зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелеріне меншікке және (немесе) зияткерлік меншік құқығына құқығын растауға ие, қамтамасыз етілген цифрлық актив.

Аталмыш бұйрықтың 2-тармағында өзгермейтін таңбалауыштар (NFT) меңзеліп отырма деген сауал туындайды. NFT-ті қолданудың негізгі бағыттары өнер, коллекция және ойын болып табылатыны белгілі [4]. Алайда, АХҚО - нан бөлек қамтамасыз етілмеген цифрлық активтермен жұмыс жасауға рұқсат етілмейтінін ескеру қажет. «Цифрлық активтер» туралы Заңға жүгінетін болсақ, «цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, есеп айырысу ақша бірлігі және (немесе) заңды төлем құралы болып табылмайтын, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік»[5].

Бұл анықтаманы қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, цифрлық активтер – криптография мен компьютерлердің көмегімен жасалған және тек электронды цифрлық нысанда бола алатын мүлік. NFT Заң анықтаған «цифрлық актив» анықтамасына сәйкес келуі мүмкін. Себебі, NFT-ні мүлік қатарына да жатқызуымызға болады. Себебі ол азаматтық құқықтар объектісінің бірқатар белгілеріне ие, мәселен, ол ақшалай бағалауға жатады және айналымға қабілетті объект. Демек, біз материалдық игіліктер санатына жататын азаматтық-құқықтық қатынастардың объектілері ретінде NFT- ді жатқыза аламыз деп қорытындылай аламыз. Осы орайда, NFT АХҚО актілерімен реттелуге жата ма деген тағы да мәселе туындайды. АХҚО актілеріне сәйкес қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер инвестиция құралы ретінде танылады, оған сөзсіз Bitcoin, Ethereum, Litecoin, Solana және т.б. жатқызуымызға болады. Тіпті, АХҚО-да лицензияланған цифрлық активтер саудасы жөніндегі алаңдарда сауда жасау үшін AFSA-ның мақұлдаған цифрлық активтер кестесі бар (05.07.2024 жаңартылған), сол кестеге сәйкес 118 цифрлық актив түрлері көрсетілген[6], бұл кесте алдағы уақытта цифрлық активтерді саралауда қажет болады. NFT-ге оралатын болсақ, көп зерттеушілердің пікірінше бұл феноменді реттеу аясы тар, алайда мүліктік құқықтың реттелу аясына түсуі мүмкін деп түсіндіреді [7], [8], [9]. Осыған орай, біз NFT-ні қамтамасыз етілген цифрлық активтер түріне жатқызамыз. Мүмкін алдағы уақытта елімізде NFT-ға қатысты сот тәжірибесі және оны қолданумен байланысты реттейтін нақты нормативтік база қалыптасса, біздің тұжырымның өзгеру ықтималдығы да бар.

Келесі міндетті зерттеуді талап ететін мәселе, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер және олардың түрлеріне қайсылары жатады, сол сауалға жауап беруге тырысайық. Жоғарыда аталып өткендей, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер АХҚО актілерімен реттеледі. Мысалы, цифрлық активтердің анықтамасы АХҚО-ның № FR0017 2018 жылғы Глоссарийіне (2024 жылғы 30 маусымдағы өзгерістермен, 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген) сәйкес келесідей болып табылады: Цифрлық актив (немесе жеке электрондық валюта немесе жеке электрондық ақша) – цифрлық сауданың нысанасы болуы мүмкін және (а) айырбастау құралы ретінде жұмыс істейтін құндылықтың цифрлық көрінісі; немесе (б) есеп айырысу бірлігі; немесе (в) құндылықты сақтау құралы болуы мүмкін; (2) фиат валютасына айырбасталады,

бірақ ешбір мемлекет оны шығармайды немесе кепілдік бермейді және (3) жоғарыда аталған функцияларды тек цифрлық активті пайдаланушылар қауымдастығы ішіндегі келісім бойынша орындайды; және, тиісінше, (4) фиат валютасы мен электрондық ақшадан ерекшеленуі керек [10]. Аталған Глоссарийді қарайтын болсақ, онда сондай-ақ стейблкоин (тауарлық стейблкоин) және утилити токен анықтамаларына түсініктеме берілген. Сонымен қатар, Глоссарий цифрлық активтердің өзін екіге жіктейді, яғни орталықтандырылған және орталықтандырылмаған. Орталықтандырылған цифрлық активтер деп оны пайдалану ережелерін белгілейтін, орталық төлем кітабын жүргізетін және валютаны сатып алуға (оны айналымнан алуға) өкілеттігі бар бір немесе бірнеше әкімшілік органдар шығарған цифрлық активтерді атайды. Ал, орталықтандырылмаған цифрлық активтер - орталық әкімшілік басқаруы, сондай-ақ орталықтандырылған мониторингі немесе қадағалауы жоқ цифрлық активтер олардың эмитентіне шағым туғызбайды және фиат валютасын немесе басқа қаржы активін алуға шарттық құқықты қамтымайды. Яғни, АХҚО цифрлық активтерді осылайша өздігінен жіктейді. Сондай-ақ, жоғарыда аталып өткендей, мақұлдаған цифрлық активтер кестесі бар, сол тізімге сәйкес 118 цифрлық актив бар, сол тізімге, стейблкоин Tether USD да бар. Осы орайда, стейблкоин цифрлық активтердің қамтамасыз етілмеген түріне жатады деп тұжырым жасауға болады. Стейблкоин (ағылш. тұрақты монета) деп белгілі бір мемлекеттің фиаттық валютасына байланған цифрлық активтің түрін айтамыз. Мысалы, аталған 1 Tether USD = 1 АҚШ долларына тең. Дегенмен, бұл стейблкоинді АҚШ-тың өзі қолдауы екі талай. Стейблкоиндардың құлдырауы да орын алуы мүмкін. Мысал ретінде, Terra жобасының сәтсіздігі TerraUSD (UST) алгоритмдік стейблкоиндердің ішкі әлсіздігі қосымша стейблкоиндардың ешқандайда тұрақты еместігінің дәлелі болып табылды, жоба 2022 жылдың мамыр айында құлдырады [11].

Ендігі кезек, шет елдердің тәжірибесі. Америка Құрама Штаттарында цифрлық активтер олардың сипатына, қолданылуына және олардың реттелуін қадағалайтын агенттікке байланысты әртүрлі құқықтық негіздер бойынша жіктеледі. АҚШ барлық цифрлық активтер үшін бірыңғай жіктеуді қабылдаған жоқ, оның орнына жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар, тауарлар және валюта сияқты құқықтық контексттерге негізделген әртүрлі жіктеулерді қолданады.

АҚШ-та екі Тауар фьючерстерінің сауда комиссиясы (CFTC) және Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі Комиссия (SEC) негізгі орган цифрлық актив айналымын реттеуге бәсеке түсуде деп айтсақ болады. Біріншілер, цифрлық актив тауар болып табылады деп мәлімдейді, ал соңғылары цифрлық активтер ұсыныстарының көпшілігі оның юрисдикциясына жататын инвестициялық келісімшарттар деп мәлімдейді.

CFTC тауар биржалары туралы заңда (CEA) анықталғандай «тауарларға» [12] қатысты өкілеттіктерге ие. Бұл өкілеттіктерге туынды құралдар, биржадан тыс своптар, фьючерстік келісімшарттар, опциондық келісімшарттар, алаяқтық үшін жазалау шаралары және туынды құралдар мен тауарларға қатысты заңсыз әрекеттер жатады.

CFTC алғаш рет «цифрлық активтерді» цифрлық валюталар деп анықтап тауар биржалары туралы заңына сәйкес (CEA) Coinflip, Inc, d/b/a Derivabit, and Francisco Riordan, CFTC Docket No. 15-29 ісі бойынша сот ісін жүргізу шеңберінде «цифрлық активтерді» тауар ретінде анықтады [13]. CFTC-дің айтуынша «тауардың» анықтамасы кең және «биткоин және басқа виртуалды валюталар осы анықтамаға сәйкес келеді және тауар ретінде дұрыс анықталады» деп мәлімдеді. Осылайша, CFTC оның криптовалюталарды реттеуге нақты өкілеттігі бар деген қорытындыға келді.

Ал, SEC 1933 жылғы «Бағалы қағаздар туралы» Заңда [14], 1934 жылғы «Қор биржалары туралы» Заңда [15] және 1940 жылғы «Инвестициялық компаниялар туралы» Заңда [16], сондай-ақ инвестиция ретінде сатылуы мүмкін кез келген құралда анықталған «бағалы қағаздарға» қатысты өкілеттіктерге ие. SEC сонымен қатар бағалы қағаздар нарығын қадағалауда үлкен тәжірибеге ие.

АҚШ-та прецеденттік құқық басым екендігін ескере отырып, олар көп жағдайда шулы ірі істерге сүйене отырып құқықшығармашылықты жүзеге асырады, осыған орай SEC те «цифрлық активті» инвестициялық мәміле деп SEC vs. W.J. Howey ісін мысалға келтіріп негіздейді. SEC vs. W.J. Howey ісіне сәйкес, (i) ақшалай салымдар болған кезде болады; (ii) жалпы кәсіпорынға; (iii) пайда табуды ақылға қонымды күтумен; (IV) басқа адамдардың күш-жігерінен болғанда ғана инвестициялық келісімшарт орын алады. Нәтижесінде SEC «инвестициялық келісімшарттардың» цифрлық активтерін көпшілікке сатылатын компаниялардың акцияларына ұқсас бағалы қағаздар ретінде қарастырады. SEC цифрлық активтің кез-келген цифрлық активті сатумен, ұсынумен, сатумен, қайта сатумен немесе таратумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар осындай әрекеттерге федералдық бағалы қағаздар туралы заңдардың қолданылуын анықтауы керек деген бағалы қағаз болып табылатындығын анықтайтын нұсқаулық шығарды. Осыған орай, цифрлық активтер айналымын CFTC емес SEC реттейді деген тұжырымға келуге болады, себебі көп цифрлық актив биржаларының сот істері осы SEC арасында орын алып жатыр. Мысалы, Sec vs. Ripple , Sec vs. Binance , Sec vs. Consensus , Coinbase vs. Sec және т.б., сонымен қатар, қазіргі таңда цифрлық активтердің биржалары өз криптовалюталарын биржаға салу үшін SEC-тен рұқсатнама сұрайды (CBOE (Chicago Board Options Exchange) биржасы ETF спот акцияларының листингіне сұрау жіберді).


Жоғарыда айтылғанның нәтижесінде, АҚШ-тағы цифрлық активтердің әрбір түрі оның жіктелуіне және оған қатысатын агенттіктерге байланысты реттеушілердің арнайы бақылауына ұшырайды деп айтуға болады.

АҚШ-тың Салықтық Басқармасының (IRS) ресми парақшасында цифрлық активтердің түрлері келтірілген. Олар оны келесідей жіктейді:

1. Айырбасталатын виртуалды валюталар және Bitcoin сияқты криптовалюталар;
2. Тұрақты монеталар (стейблкоиндар);
3. Өзгермейтін таңбалауыштар (NFT) [17].

Жоғарыда аталып өткен екі орган CFTC және SEC цифрлық активтердің түрлерін ашып көрсетпей, олардың басты мақсаты тек қана сол цифрлық активтер нарығына бақылау мен қадағалау жасау. Біріншілері, цифрлық активті тауар десе, екіншілері инвестиция құралы дейді. Нақты, цифрлық актив түрлерінің жіктелуін тек сот шешімдерінен байқауымызға болады. Және ескерте кету қажет, SEC цифрлық активтерді «криптоактивтер» деп айқындайды [18].

Халықаралық валюталық қордың Қаржылық Есеп бойынша Семинарында келесі суретте көрсетілген криптоактивтердің типологиясы талқыланды.



1 Сурет. Алмастырылатын криптоактивтер типологиясы.

Ескерту: Халықаралық валюталық қордың Қаржылық Есеп бойынша Семинары деректері негізінде құрастырылған[19].

Аталған типологияға сәйкес алмастырылатын криптоактивтер үш үлкен категорияға бөлінген:

1. жалпы алмасу құралы ретінде әрекет ететін;
2. платформа арқылы жалпы алмасу құралы ретінде әрекет ететін;
3. бағалы қағаз ретіндегі криптоактивтер.

Және ешбір аталған категорияға кірмейтін NFT (өзгермейтін таңбалауыштар).

Бірінші категорияға «жауапкершілікпен» қамтамасыз етілген криптоактивтер: Орталық Банктердің цифрлық валюталары (CBDC) және тұрақты монеталар (stablecoin). Бұл категорияның жіктелуіне біздің сыни көзқарасымыз қалыптасады. Себебі, жалпы CBDC-ді криптоактив түріне жатқызу (неліктен екенін біз төменде ашып түсіндіретін боламыз!) және стейблкоиндарға қатысты олардың «жауапкершілікпен» қамтамасыз етілгендігінде. Шын мәнісінде, стейблкоин нарығында ешқандайда тұрақтылық жоқ, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмейді, олардың қарапайым тілмен айтқанда өмір сүруі сол стейблкоинді шығаратын адамдардың тобына (шығарушы компанияға) байланысты. Егер түбінде қарайтын болсақ, Tether USD түпкі бенефициары iFinex.inc деп аталатын Британ Виргиния аралдарында (оффшордық зонада) тіркелген компания. Сол себепті, стейблкоиндар ешқандай сенімділікті де тудырмайды. Алайда, Қазақстанда ресми түрде Tether USD белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активке жатқызылады, ол «Цифрлық активті тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активке жатқызу өлшемшарттарын және тіркеп-белгіленген құны бар қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 600/НҚ бұйрығында бекітілген.

Бұдан бөлек бірінші категорияға «жауапкершілікпен» қамтамасыз етілмеген Bitcoin, секілді криптоактивті жатқызған. Бұл пайымдауға авторлардың еш қарсылығы жоқ.

Екінші категория платформа арқылы жалпы алмасу құралы ретінде әрекет ететін криптоактивтер, «жауапкершілікпен» қамтамасыз етілген төлем токени «қарыздық қамтамасыз ету (debt security)», былайша айтқанда «секьюрити токендер» және

«жауапкершілікпен» қамтамасыз етілмеген төлем токени «утилити токендер». Осы екі түрінің айырмашылығын, мәселен, Binance ресми порталынан аңғарсақ болады [20]. Утилити токендер - олар белгілі бір блокчейн жобасының мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін цифрлықкілт ретінде әрекет ете отырып, бірқатар қызметтер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ал, секьюрити токендер дивидендтер немесе капитал өсімі түрінде пайда алу есебімен компанияның активіне, акциясына немесе үлесіне меншік құқығын білдіреді.

Секьюрити токендерге үңіліп тоқталатын болсақ, АХҚО секьюрити токендерді ұсыну шеңбері аясында реттеу бойынша Консультациялық құжатында әр түрлі ел тәжірибесін саралап секьюрити токендер (Сингапурда «дәстүрлі бағалы қағаздар», Дубайда «инвестиция», Ұлыбританияда «DLT сияқты технологияны қолданатын крипто-активтер» және т.б.) инвестицияның бұл түрі қазірдің өзінде қолданыстағы AFSA құқықтық актілеріне бағынады және олар табиғаты, әсері немесе мақсаты бойынша дәстүрлі бағалы қағаздарға ұқсас деп қорытынды жасады [21]. Осылайша, секьюрити токен да, утилити токен да АХҚО аясында реттеуге жатады деп қорытындылауға болады.

Келесі, шет ел тәжірибесі ол ЕО шеңберіндегі Криптоактивтерді реттеу нарықтары бойынша Ережелер (MiCA regulation) [22].

MiCA NFT-ке (өзгермейтін таңбалауыштар) тек NFT-де оны MiCA қолданатын активтердің біріне ұқсас ететін сипаттамалары болған жағдайда ғана қолданылады. Мысалы, MiCA ережелері қызметтік таңбалауышқа немесе қаржы құралына ұқсас NFT-ге қолданылуы мүмкін. NFT таңбалауыштарын заңды түрде рәсімдеумен жұмыс істегенде, таңбалауышқа бірегей идентификатор беру өзара алмастырудың көрсеткіші емес екенін есте ұстаған жөн. MiCA мәліметтері бойынша, үлкен серияларда шығарылған өзгермейтін таңбалауыштарды бір-бірін алмастыратын деп санауға болады, сондықтан авторизацияны қажет етеді. Бұл NFT-ді бөлшектейтін жобаларға әсер етуі мүмкін.


MiCA regulation ЕО деңгейіндегі криптовалюта активтеріне қатысты үйлестірілген ережелерді белгілейді, осылайша қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейтін криптовалюта активтеріне заңды сенімділікті қамтамасыз етеді. ЕО тұтынушылар мен инвесторларды қорғауды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықты арттыру арқылы реттеу инновациялар мен крипто-активтерді пайдалануға ықпал етеді. Ереже крипто-активтердің үш түрін анықтайды және қамтиды, атап айтқанда активтерге сілтеме жасалған таңбалауыштар (ART - art reference tokens), электрондық ақша таңбалауыштары (EMT – electronic money tokens) және ЕО-ның қолданыстағы заңнамасымен қамтылмаған басқа крипто-активтер. Заңнама криптовалюта активтерін шығару мен саудалауды, сондай-ақ «маңызды» ART пен EMT-ге бағытталған қосымша нормативтік ережелерді сақтай отырып, қажет болған жағдайда базалық активтерді басқаруды реттейді.

Сондай-ақ, виртуалды валюталар деп те аталатын криптоактивтер әдетте мүлік немесе цифрлық активтер ретінде жіктеледі, бірақ олар заңды төлем құралы болып саналмайды. АҚШ та секілді криптоактивтердің жіктелуі оарды реттеуші органдарға байланысты. Еуропалық Орталық Банк (ЕОБ): криптовалюталарды заңды валюта емес, виртуалды активтер ретінде қарастырады [23]. Еуропалық Бағалы Қағаздар Және Нарықтар Басқармасы (ESMA): егер олар инвестициялық мақсаттарда пайдаланылса, белгілі бір криптоактивтерді Қаржы Құралдары Директивасындағы (MiFID II) нарықтарға сәйкес қаржы құралдары немесе бағалы қағаздар ретінде жіктей алады [24]. Сонымен қатар, Орталық Банктердің цифрлық валюталарына қатысты ЕО-ның қадамы біздің осы

мақалада келтіретін ұсыныстарымызға сай келеді. Мысалы, Орталық Еуропалық Банк «Цифрлық евро криптоактив бола алмайды. Себебі цифрлық евро ЕО-тың қолдауымен жүзеге асырылып жатыр[25]» деп тұжырымдайды.

Мысалы, Ақша қаражаттарының қозғалысы шоттарында цифрлық активтерді көрсету мәселелері атты Жапония Банкінің өкілдігі Тошико Сато өз баяндамасында, цифрлық активтердің жіктелуіне қатысты келесідей тұжырымды ұсынды:

Proposed digital assets classification



2 Сурет. Жапония Банкінің өкілдігі Тошико Сато баяндамасынан үзінді

Ескерту. Жапония Банкінің өкілдігі Тошико Сато өз баяндамасы деректері негізінде жасалған [26].

Осы схемаға сәйкес цифрлық активтерге:

1. Жеке (стейблкоин, криптоактивтердің басқа түрлері, алдын ала төленген төлем құралдары, банктік депозиттер, Орталық банктердің цифрлық валюталары, секьюрити токендер) және жария түрлері (стейблкоиндар, криптоактивтердің басқа да түрлері, NFT).

2. Төлем құралы ретінде қолданыла алатын (стейблкоин, криптоактивтердің басқа түрлері, алдын ала төленген төлем құралдары, банктік депозиттер, Орталық банктердің цифрлық валюталары, секьюрити токендер) және төлем құралы бола алмайтындар (NFT).

3. Тиісті міндеттемелері бар (стейблкоин, криптоактивтердің басқа түрлері, алдын ала төленген төлем құралдары, банктік депозиттер, Орталық банктердің цифрлық валюталары, секьюрити токендер) және тиісті міндеттемелері жоқ (стейблкоиндар, криптоактивтердің басқа да түрлері, NFT).

Дегенмен, бұл тек қана ұсыныс. Біздің зерттеуіміз бен көзқарасымызға жағымдысы ол Bitcoin, Ethereum, Litecoin, Solana және т.б. сияқтыларды криптоактивтер деп атағандығы. Шын мәнісінде, олардың криптоактив болуы әділетті. Ал, Орталық Банктердің цифрлық валютасын цифрлық актив түріне жатқызылуы қателік деп санаймыз. Себебі оның эмитенті сөзсіз Орталық Банктің өзі болуы тиіс. Соңғы әдебиеттер криптовалютаны немесе бір-бірінің орнына қолданылатын крипто-активтерді «Биткоин және Ethereum сияқты жеке валюталық шот бірлігі бар жеке цифрлық активтер» ретінде анықтайды. Криптовалюталар орталық банктің талаптарына жауап бермейді, бұл ерекшелік оларды CBDC-ден ажыратады [27]. Кейбіреулер CBDC елдің бөлшек төлем жүйелерінің тұрақтылығын арттыра алады деп мәлімдейді. Олар жеке сектор инфрақұрылымындағы төлемдер, айталық, техникалық мәселелерге байланысты немесе несие аударымдарын жүзеге асыратын банк қиын жағдайда қалса, үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар

әлі де CBDC арқылы цифрлық төлемдерді жүзеге асыра алады деп мәлімдейді. Осыған байланысты CBDC төлем жүйелеріндегі өтімділік пен несиелік тәуекел концентрациясын төмендетуі мүмкін екенін атап өткен жөн [28].

Кей жағдайларда, цифрлық валюталарды ақшаның үшінші нысаны деп те айтады (қолма қол ақша, қолма қол емес). Дегенмен, кейбір зерттеушілер біздің отандық тәжірибеге қатысты «цифрлық теңгені» ақшаның үшінші түрі деп тұжырымдамас бұрын, алдағы екі түріне дұрыс зерттеулер жасалуы тиіс деп түсіндіреді [29].

